

**Жас ғалымдар кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шара
жоспарына сәйкес, «Ғылыми мақаланы жазу және жариялау:
Магистрант, студенттерге арналған практикалық нұсқаулық»
тақырыбында өткізілген іс-шараның есебі:**

Өткізілген күні: 29 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: Туризм және қонақжайлылық университеті, ректораттың акт залы.

Дәріскер: Губаренко Анастасия Вячеславовна, PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а.

2025 жылдың 29 қыркүйегінде Туризм және меймандостық университетінің акт залында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған ашық семинар өткізілді. Семинардың негізгі тақырыбы – **«Ғылыми зерттеулерді жариялаудың методикалық негіздері: мақалалар мен монографиялар»** болды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – жас зерттеушілердің ғылыми еңбектерін халықаралық стандарттарға сәйкес жариялауына бағыт-бағдар беру, ғылыми мақалалар мен монографиялар жазудың негізгі қағидаларын түсіндіру, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыруға ықпал ету.

Дәріскер Губаренко Анастасия Вячеславовна ғылыми-зерттеу жұмыстарын жариялаудың бірнеше маңызды аспектілеріне тоқталды:



1. Ғылыми мақалаларды жариялау негіздері

- Мақаланың құрылымы: кіріспе, әдеби шолу, әдістеме, нәтижелер, талқылау, қорытынды;

- Халықаралық индекстелетін журналдарға қойылатын талаптар;
 - Ғылыми стиль мен академиялық жазу ерекшеліктері.
2. Монография дайындау қағидалары:
- Ғылыми монография мен оқу құралының айырмашылығы;
 - Монография жазудың кезеңдері: жоспар құру, дереккөздер жинақтау, ғылыми жаңашылдықты айқындау;
 - Монографияны баспаға ұсыну тәртібі.
3. Ғылыми жарияланымдардағы академиялық адалдық:
- Дәйексөз беру ережелері мен сілтемелер жасау;
 - Антиплагиат тексеру бағдарламаларының маңызы;
 - Авторлық құқық пен ғылыми этика мәселелері.
4. Халықаралық тәжірибелер мен мүмкіндіктер:
- Scopus, Web of Science базаларындағы журналдар;
 - Халықаралық конференциялар материалдарында жариялану;
 - Бірлескен ғылыми жобалар мен авторлық мақалалар.

Семинарға университеттің профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттері белсенді қатысты. Қатысушылар тарапынан белсенділік танытылып, көптеген сұрақтар қойылды. Атап айтқанда:

Жарияланым үшін журналды қалай дұрыс таңдау керек?

Монографияны халықаралық деңгейде шығару жолдары қандай?

Ғылыми жұмыста плагиаттан толық сақтанудың тиімді әдістері бар ма?

Шетелдік журналдардағы рецензиялау үдерісі қанша уақыт алады?



Дәріскер барлық сұрақтарға нақты мысалдармен жауап беріп, өз тәжірибесінен пайдалы кеңестер ұсынды. Семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылды және тыңдаушылар үшін өте пайдалы болды. Іс-шара нәтижесінде қатысушылар:

Ғылыми мақалалар мен монографияларды дайындаудың методикалық негіздерін меңгерді;

Халықаралық басылымдарға жарияланудың ерекшеліктерімен танысты;

Ғылыми зерттеу нәтижелерін тиімді ұсынудың практикалық жолдарын үйренді;

Академиялық адалдық қағидаларының маңыздылығына көз жеткізді.

Бұл семинар жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін арттыруға, олардың халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграциялануына зор үлес қосты.

